

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 36 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 230 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 қыркүйекте № 7794-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 36 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7451-15 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімі

Е. Степаненко

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 19 қыркүйектегі
№ 230 қаулысына қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 02 наурыздағы
№ 36 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны
1	Андреев ауылдық округі, Андреевка ауылы, 50 лет Казахстана көшесі, № 24 үйге қарама-қарсы
2	Андреев ауылдық округі, Андреевка ауылы, 50 лет Казахстана көшесі, "Андреевка СК" дүкеніне қарама-қарсы
3	Андреев ауылдық округі, Бостандық ауылы, Ақ Орда көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Андреев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық клубы ғимаратына қарама-қарсы
4	Белое ауылдық округі, Белое ауылы, Астық көшесі, "Бармалей" дүкенінің сол жағында
5	Белое ауылдық округі, Щучье ауылы, Гүлдер көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Белое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениет үйі ғимаратының сол жағында
6	Белое ауылдық округі, Чистое ауылы, Мамыр көшесі, "Продукты" дүкенінің сол жағында
7	Воскресенов ауылдық округі, Воскресеновка ауылы, Достық көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениет үйі ғимаратының сол жағында
8	Воскресенов ауылдық округі, Искра ауылы, Бейбітшілік көшесі, "Кристина" дүкенінің сол жағы
9	Дубровное ауылдық округі, Дубровное ауылы, Интернациональная көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы
10	Дубровное ауылдық округі, Михайловка ауылы, Сәбит Мұқанов көшесі, № 38/2 үйдің оң жағында
11	Краснознамен ауылдық округі, Краснознаменное ауылы, Конституция көшесі, № 3 үйдің сол жағында
12	Краснознамен ауылдық округі, Калугино ауылы, Еңбек көшесі, № 14/1 үйге қарама-қарсы
13	Краснознамен ауылдық округі, Беловка ауылы, Мектеп көшесі, № 16 үйге қарама-қарсы

14	Қызыләскер ауылдық округі, Қызыләскер ауылы, Мир көшесі, "Кзыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кеңсе ғимаратына қарама-қарсы
15	Бике ауылдық округі, Бике ауылы, Мектеп көшесі, " Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Бике ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениет үйі ғимаратының сол жағында
16	Леденев ауылдық округі, Леденево ауылы, Батыр көшесі, "Фатерланд" шаруа қожалығы ғимаратына қарама-қарсы
17	Новомихайлов ауылдық округі, Минкесер ауылы, Юбилейная көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениет үйі ғимаратының оң жағында
18	Новомихайлов ауылдық округі, Новомихайловка ауылы, Победа көшесі, "Новомихайловское- 2003" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі асханасының сол жағында
19	Пригород ауылдық округі, Покровка ауылы, Мир көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Пригород ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында
20	Становое ауылдық округі Афонькино ауылы, Орталық көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Становое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениет үйі ғимаратының қарама қарсы
21	Мамлютка қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, " Казахстан" дүкеніне қарама-қарсы
22	Мамлютка қаласы, Школьная көшесі, "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Юность" стадионына кіре берісте сол жағында
23	Мамлютка қаласы, Победа көшесі, "Достық" саябағының ішкі аумағы (сахнаның оң жағында)
24	Мамлютка қаласы, Григорий Потанин көшесі, " Ария" дүкенінің сол жағында